

ЖШС.«Талапты сәби »б/балабақшасы.

Бекітемін:

Меңгеруші

Ә.Әділбай.



**ЖШС.«Талапты сәби »б/балабақшасы.
Меңгеруші жанындағы кеңестің
хаттамалары.**

2021-2022оқу жылы

Әдіскер: Ә.Әділбай

Бекітемін:

Меңгеруші:

Ө.Әділбай
(05.09.2021)

ЖШС «Талапты сәби» балабақшасы меңгеруші жанындағы

2021-2022 оқу жылына арналған кеңес отырысының хаттамасы

№ 1 Хаттама

Талапты ауылы 05.09.2021 жыл

Қатысуға тиіс: 8

Қатысқаны: 8

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. *Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.*
2. *Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.*
3. *Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру.*
4. *Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.*

Тыңдалды :

1 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті сабақ жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс - құжаттарын жүйелігін айтты.

2 – мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай: Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орныдарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралады. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары болса ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің жарық, жылы болуын қадағаладық. Сабақ өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың ән мен дене, би сабақтарына баратын бөлмелердің де жағдайлары толық қарастырылды. Сондай – ақ ас мәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатаң бақылау жұмыстары жүргізілгендігін айтты.

3 – мәселе бойынша балабақша әдіскері Ә.Әділбай :

-Топтардағы тәрбиешілердің сабақ кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген сабақ кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

4 – мәселе бойынша «Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысы


жүргізілді», - деді балабақша меңгерушісі. Балаларға қажетті оқу құралдары түгелденді. Әр топ балалардың денсаулығы, оқуға қабілеттері бақыланды. «Балдырған» тобының балаларының сабаққа деген қызығушылықтары жақсы. Барлығы қалам ұстай алады. Оқу құралдарын дұрыс қолдана алады. Сауат ашу оқу іс – әрекеті бойынша балалардың білім деңгейлері анықталды.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша меңгерушісіне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақша шаруашылығы бөлімінің басшысы жүктелсін.
3. Жұмыс уақытысыменен сабақ кестесін құру құрылды және оқу құжаттардың жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі қанағаттанарлық болып табылды.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Ә.Әділбай

Андосова Г.

Бекітемін: _____
Менгеруші: **Ә.Әділбай**
(10.11.2021ж)

ЖШС «Талапты сәби» балабақшасы менгеруші жанындағы кеңес.

Хаттама № 2

Мерзімі: 10.11.2021 ж

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» тақырыпты тексеру қортындысы
3. «Тілдер күнімен», «Алтын күз» мерекелерін талқылау.
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің сценарийін бекіту

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз сөйледі. Меңгеруші жалпы ата-аналар жиналысы өтілді .ата-аналар жиналысының төрайымдары сайланды.Жалпы жиналыс шешімі бойынша :балабақша мен ата-аналар үнемі тығыз байланыста болды,отбасы болып шынығу ,салауатты өмір салтын қарастырайық ,өнегелі отбасымен үлгі алу деген шешімге тоқталдық.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алып «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерін дұрыс жоспарлауы» тақырыпты тексеру қортындысы туралы айтып өтті.Серуен кезінде орындалатын бақылау,ойын ,еңбек бөлімдерін дұрыс жолға қойған .Бақылауға алынған табиғат құбылыстары туралы әңгіме жүргізілді.Балалар дұрыс жауап беріп отырды.Қимылды ойындар ойнады.Еңбек іс –әрекеттінде балалар ойын алаңын жапырақтардан тазартты .Серуен дұрыс жоспарланған.
3. Үшінші мәселе бойынша II кіші топ және ортаңғы топтардың Республика күніне дайындығы жақсы. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақтар айтып белсенділік танытты. Балалардың тілдері жастарына лайықты дамыған. Тәрбиешілердің дайындығы өз деңгейінде. «Алтын күз» мерекесі ортаңғы топта өткізілді. Топ мерекеге сай безендіріліген. Мерекелік іс-шара қызықты өтті. Ата-аналар да өз ризашылықтарын білдіруде.

4. Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай алдағы келе жатқан «Тәуелсіздік мерекесі», Жаңа жыл мерекелеріне дайындық жүргізіліп, ертеңгілік сценарилері бекітілсін деген ұсыныс айтты.

Тәрбиешілер: мерекелерге дайындықты бастап та жібердік.
Сценарийлердің жобасын да жасап қойдық. Сценарийлерді ретке келтіріп, бекітуге әкеліп, көрсетеміз.

5. Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. Айдандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни, бұйрықтар мен хаттар жайында түсіндіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, оқып, талдап шықтық.

Шешімі:

1. Республика күні, «Алтын күз» мерекелері талқыланды.
2. Балалардың тілін дамыту барысында сөздік ойындар пайдаланылсын.
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің сценарилері бекітіліп, өтілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Ә.Әділбай

Андосова Г.

Бекітемін:

Менгеруші:

Ә.Әділбай
(05.01.2022ж.)



ЖШС «Талапты сәби» бөбекжай балабақшасының

2021-2022 оқу жылындағы менгеруші жанындағы кеңес отырысының

хаттамасы № 3

05.01.2022 ж

қатысқаны: 8

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. *Табиғат бұрышында кезекшілік жұмысты ұйымдастыру, оны жабдықтау.*
2. *Тәрбиешінің оқу іс – әрекетіне дайындық сапасы.*
3. *Топтардағы ата – аналар жиналысын өткізу.*
4. *Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.*

Тыңдалды :

1 – ші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Ә.Әділбай топтардағы табиғат бұрышын ұйымдастырылуын бақылады. Ондағы мақсаты топ бүлдіршіндерінің табиғатқа қамқор болуға, гүлдерді аялап баптай білуге баулу. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Балалармен сабақтан тыс уақыттарда табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен гүлдерге күтім жасалынады. Балаларды еңбекке баулу тәрбиешінің басты міндеті. Мысалы, ас әзірлеу, оқу құралдарын тарату, жинау және табиғат бұрышында еңбек ету. Барлық топтарда гүлдерге күтім жасау үшін еңбек құралдары және арнайы киімдері бар. Күніне екі балаладан кезекшілік жасайды. Табиғат бұрышындағы гүлдерді суғару, айналасын сүрту, түбін копсыту күнделікті кезекшілікпен жүргізілетіндігі айтылды.

2 – ші мәселе бойынша әдіскер Ә.Әділбай топтардағы тәрбиешілердің және пән жетекшілерінің күнделікті оқу іс - әрекеті жоспарларының уақыты бекітілетіндігін айтты.

3 – ші мәселе бойынша балабақша медбикесі Буриева К. 2021 – 2022 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Суық тимесін» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа да

оқығандығын айтты. Себебі, күздің алғашқы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе ауылдық амбулаторияға қаратуларын атап өтті. Сондықтан күз кезінде балаларды тұмаудан ауырмаудың алдын алу шараларын жүргізу керек айтты. Тұмаудан құтқарудың бірден бір жолы вакцина егтіру екендігін, оны жыл сайын егтіру қажет. Өйткені тұмаудың вирусы үнемі өзгертіп отырадығын және балабақшаға әкелер кезде 0,25% оксалин мазын үнемі жағып келулерін ескертті. Балаларға арналаған «Поливит», «Дуавит», «Центрум» сияқты поливитаминыдерді беріп жүрулерін айтты.

4 – ші мәселе бойынша Тәрбиеші Жанаева Г.күнделікті таңертең келген ата – аналармен, балалармен амандасып, балалардың таңертеңгілік көңіл күйлерін бақылағандығын айтты. «Жылулық шеңбері» арқылы көңіл күйлерін көтеріп және балалардың уақытылы тамақтануын, гигиеналық тазалықтарын қадағалағандығын айтты. Оқу іс – әрекетінде тәрбиешілердің күнделікті жазылатын технологиялық карталарын бекітіп, оқу іс - әрекетіне қажетті құрал –жабдықтарын тексерді. Оқу іс – әрекет процесіне қатысқандығын айтылды. Серуен кезінде балаларды күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын бақылатып, ойын алаңында қызықты ойындар ойнатылғандығын бақыланды. Түскі ас кезінде балалардың дұрыс тамақтанулары қадағаланды. балаларды тәтті ұйқыға жатқызу кезінде ертегілерді айтқандары бақыланды. Ұйқыдан оянған кезде сергіту жаттығулары, ойындар мен шынықтыру шаралары ұйымдастырылғандығын айтты. Балаларға бесін тамақ берілгеннен кейін, әртүрлі сюжеттік, рөлдік, шығармашылық және дидактикалық ойындар ойнатылғандықтары бақыланды. Үлкен топтарда варигативтік сабақтар өз уақытында өткізілгендігін айтты. Балаларды үйлеріне шығарып салғандарын бақылағандығын айтты

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:




Ә.Әділбай

Андосова Г.

**ЖШС «Талапты сәби» бөбекжай балабақшасының меңгеруші
жанындағы 2021-2022 оқу жылындағы кеңес отырысының хаттамасы**

Хаттама № 4

Мерзімі: 03.03.2022ж

Қатыскандар: 8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

2. 8 наурыз, 22 наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.

3. Денсаулық күніне арналған іс-шаралар туралы

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Балабақша қызметкерлерімен бүлдіршіндер арасында техникалық қауіпсіздігі іс-шаралары жүргізілуде. Қыс бойы топтарда жылу тәртібі сақталынып, күнделікті 21-22 градус сақталды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. Ол кісі өз сөзін ұжымдағы қыз-келіншектерді «8-наурыз-Халықаралық әйелдер күнімен» құттықтаудан бастады. Өз істеріңізде табысты, белсенді болып, аянбай, шаршамай жұмыс жасай беріңіздер, - деді. Осы мерекеге орай мерекелік іс-шаралар өткізілуі тиіс екенін айтты. Іс-шара сценарийін түзіп, бекітілсін деген ұсыныс айтылды. Және де келе жатқан «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесін ойдағыдай тойлауымыз керек, - деді. Бұл өте үлкен мереке болғандықтан, мерекені ойдағыдай атап өтуіміз керек. Осыған орай топтарда қызу дайындық жасалып, мереке сценарийі түзіліп, бекітілсін.

Сөз алғандар: Тәрбиешілер

Мерекелік дайындықты бастап та жібергенбіз. Сценарийді де түзіп қойдық. Ретке келтіріп бекіттіреміз.

3. Үшінші сұрақ бойынша денсаулық күніне арналған ойындар туралы ой пікірлерін білдіргендер.

Ә.Әділбай Дүние жүзілік –спорт күні. Сондықтан осы апта ішінде денсаулық күніне әр топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойындар ойнатылсын. Әр түрлі эстафеталық ойындар ұйымдастырылсын.

Жанаева Г:

Балалардың қозғалыс қимылы денсаулықты жақсартады. Таңертеңгі жаттығудың балалар денсаулығы үшін маңызы зор, шынығудың әдістері көп. Денсаулықты күтіп ұстауымыз керек, мақсатында денсаулық мерекесіне ойындар ұйымдастырылады.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері қанағаттанарлық
2. 8- наурыз, 22 – наурыз мерекелерінің сценарийлері түзіліп, бекітілсін.
3. Денсаулық күніне арналған іс-шара өткізілсін.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

Хатшысы:




Ә.Әділбай
Андосова Г.

Бекітемін,
Менгерушісі: Ә.Әділбай
(25.05.2022ж)

**ЖШС «Талапты сәби» бобекжай балабақшасы менгерушісі жанындағы
2021-2022оқу жылындағы кеңес отырысының хаттамасы**

Хаттама № 5

Мерзімі: 25.05.2021ж

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. 7-9 мамыр, 1 маусым, «Қош бол, балабақша!» мерекелерінің өтілуі туралы
3. Жаңа оқу жылына дайындық
4. Жазғы сауықтыру шраларының жоспарын бекіту
5. №1 педкеңеске дайындық
6. Кіріс құжаттарды талқылау

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі: Ә.Әділбай сөз алды. Балалардың танымын арттыруға серуеннің маңызы, ролі зор. Өздеі көріп бақылап, ұстап көреді. Ауылда егіс етуге қатысып, су құйып, шөбін жұлып, өсуіндегі өзгерістерді көріп қуанады. Ауылда жазғы кезде еңбекке баулуымыз керек. Жаз мезгілі өте қызықты өтетін ай.
2. Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі: Ә.Әділбай сөз алды. Ол кісі жаңа 2021-2022 оқу жылына дайындық жайлы айтып өтті. Сонымен қатар жаңа оқу жылына топтардың дайындығы туралы және жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысын талдады. Жалпы жаңа оқу жылына дайындық жұмысы қалай жүріп жатқандығы жайлы айтты. Тамыз айының соңғы күндері біз үшін жауапты әрі маңызды, өйткені жаңа оқу жылына дайындық аяқталып, атқарылған жұмыстың нәтижелері жария болады. Бүгінде жаңа оқу жылына толық дайынбыз, - деді балабақша менгерушісі.

3. Үшінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі :

Ә.Әділбай айтып өтті. Ағымдағы жұмыстар бітті. Топтар жаңа оқу жылына дайын. Балабақша мемлекеттік тілде жұмыс жасайды.

4. Төртінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі :

Ә.Әділбай жазғы ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесімен таныстырып өтті. (Бекітілсін деген ұсыныс болды)

5. Бесінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі :

Ә.Әділбай сөз алды. Ол кісі тамыз айында болатын №1 педагогикалық кеңес жайлы айтты. №1 педкеңесте жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары және ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесін бекіту туралы болады. Және де тәрбиешілерге шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы болады. Сонымен қатар барлық қызметшілердің лауазымдық міндеттерін жүктеп, ішкі еңбек тәртібімен таныстырып шығамыз. Бұл педагогикалық кеңес бәріміз үшін өте маңызды. Сол үшін осы кеңеске дайындық қызу үстінде жүргізілсін.

6. Алтыншы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі :


Ә.Әділбай сөз алды. Аудандық білім бөлімінен түскен кіріс құжаттарды талқылады. Яғни, бұйрықтар мен хаттар жайында түсіндіріп өтті. Бұл бұйрықтар мен хаттарды тіркеп, жауап қайтарылатын хаттар болса орындалады, - деді.

Шешімі:

1. Жаңа оқу жылына дайындық қызу түрде жүргізілсін.
2. №1 педкеңеске дайындық жүргізілсін.
3. Кіріс құжаттары дер кезінде қаралып, орындалсын.

Төрайымы, б/б меңгерушісі:

Хатшысы:



Ә.Әділбай
Андосова Г.

**ЖШС «Талапты сәби» бөбекжай балабақшасының меңгеруші
жанындағы 2021-2022 оқу жылындағы кеңес отырысының хаттамасы**

Хаттама № 4

Мерзімі: 03.03.2022ж

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібінде:



1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. 8 наурыз, 22 наурыз мерекелерінің сценарийлерін бекіту.
3. Денсаулық күніне арналған іс-шаралар туралы

1. Бірінші сұрақ бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Балабақша қызметкерлерімен бүлдіршіндер арасында техникалық қауіпсіздігі іс –шаралары жүргізілуде. Қыс бойы топтарда жылу тәртібі сақталынып, күнделікті 21-22 градус сақталды.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды. Ол кісі өз сөзін ұжымдағы қыз-келіншектерді «8-наурыз-Халықаралық әйелдер күнімен» құттықтаудан бастады. Өз істеріңізде табысты, белсенді болып, аянбай, шаршамай жұмыс жасай беріңіздер, - деді. Осы мерекеге орай мерекелік іс-шаралар өткізілуі тиіс екенін айтты. Іс-шара сценарийін түзіп, бекітілсін деген ұсыныс айтылды. Және де келе жатқан «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» мерекесін ойдағыдай тойлауымыз керек, - деді. Бұл өте үлкен мереке болғандықтан, мерекені ойдағыдай атап өтуіміз керек. Осыған орай топтарда қызу дайындық жасалып, мереке сценарийі түзіліп, бекітілсін.

Сөз алғандар: Тәрбиешілер

Мерекелік дайындықты бастап та жібергенбіз. Сценарийді де түзіп қойдық. Ретке келтіріп бекіттіреміз.

3. Үшінші сұрақ бойынша денсаулық күніне арналған ойындар туралы ой пікірлерін білдіргендер.

Ә.Әділбай Дүние жүзілік –спорт күні. Сондықтан осы апта ішінде денсаулық күніне әр топтағы балалардың жас ерекшеліктеріне қарай ойындар ойнатылсын. Әр түрлі эстафеталық ойындар ұйымдастырылсын.

Өндірістік кеңес отырысының

№3 Хаттамасы

17.03.2020

Қатыскандар:12

Күн тәртібінде

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау»туралы
- 3.Көгалдандыру жұмыстары.

1. Бірінші сұрақ мәселесі бойынша өткен кеңестің шешімдерінің орындалу туралы балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды: Балабақшада қызметкерлер өз жұмыстарын уақтылы атқарып отырды.Берген тапсырмалар дер кезінде орындалды.

2.Екінші сұрақ бойынша «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау»туралы балабақша меңгерушісі Ә.Әділбай сөз алды:Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге кешенді көз қарасына байланысты.Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері ,олардың тікелей жетекшісі және әрине ата аналарға қатысты.Таңертең жұмысқа келген тәрбиеші топтағы барлық қауіпсіздік ережелерін сақтап көріп шығады.Балабақшаның сыртына серуенге шығарда ойын алаңдардың балаларға кедергі болатын заттардың болмауын қадағалау.Әрбір тәрбиеші баланың өмірі мен денсаулығы үшін үлкен жауапкершілікті сезіну керек.**Тәрбиеші**

1. Таңертең балаларды медбикемен бірігіп қабылдайды. Науқас балалар қабылданбайды.
2. Балаларды караусыз қалдыруға болмайды.
3. Үшкір заттармен, сынық ойыншықтармен ойнатуға болмайды.
4. Электротехникамен пайдалануға баланы жақындатуға болмайды. Өздеріңіз пайдаланудан алдын электрошнур, резетка, вилкаларын тексеру кажет.
5. Балабақшаның сыртына серуенге шыққанда тротуармен, жоқ болса – жолдың сол бетінің шетімен, екі қатардан асырмай, қатардың басында, соңында тәрбиешілер жалаушамен жүреді.
6. Жолды белгіленген жерден өту керек.
7. Бағдаршам бар жерде, бағдаршамның жасыл көзі жанғанша өтуге болмайды.
8. Балаларды көлікпен алып жүргенде тек адам таситын көлікпен жүруге болады (автобус, микроавтобус, жеңіл көлік).

Тәрбиешінің көмекшісі

1. Жұмыс орнында артық зат болмауы керек.
 2. Ыдыс-аяқтарды сода, сабын, дез.ерітінділерімен жуғанда арнайы щеткамен, немесе қолғап кию қажет.
 3. Ыстық суды беті жабылатын ыдыспен апару керек. Судың мөлшері $\frac{3}{4}$ -тен аспауы керек.
 4. Ыстық суды қараусыз бала жерде қалдыруға болмайды.
 5. Асханада дайын тамақты әкеле жатқанда, аяқтың астына, алдына қарау керек.
 6. Тамақ салынған ыдыстарды бірінің үстіне бірін қойып апаруға болмайды.
 7. Еден жуғанда шығып тұрған шегелер болмау керек.
 8. Жиһаздарды жылжытып еден жуғанда қарау керек: үстінде сырғып түсетін, құлайтын заттар болмасын.
 9. Терезе жуғанда тексеру керек: мықты арналасқан ба, сынығы жоқ па.
 10. Еденді хлорланған сумен жуғанда резина қолғап қолдану керек.
 11. Төбеге шығып жұмыс істегенде, аяқтың астына қойылған заттың мықтылығын тексеру қажет. Саты орнына жәшік, тумбалар пайдалануға болмайды.
 12. Электртехника пайдаланғанда оның жөнді болуын тексер: шнурын, вилка, розеткасын.
 13. Қоқысты сыпырғы және қоқыс жинайтын совокпен алу керек, қолмен алуға болмайды.
3. Үшінші сұрақ бойынша көгалдандыру жұмыстары бойынша б/б меңгерушісі
Ә.Әділбай айтып өтті :Балабақша айналасына гүлдер талдар ағаштар отырғызу керектігін және әр топ өздеріне бөлінген гүлдер алаңын тазалап гүлдермен ағаштардың түбін қопсытыптазалау керектігін айтты.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. «Өрт және техника қауіпсіздігін сақтау» туралы қауіпсіздік ережелері сақталсын.
3. Балабақша ауласын көгалдандыру жұмысы қолға алынсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:




Ә.Әділбай

Андосова Г.